

Капиталды заңдастыру-2

Капиталға рақымшылық жасау науқаны тағы да қайталанбақ. Кезекті шара 2014-2015 жылдары өткізілмек. Оның нақты мерзімі алдағы уақытта жарияланады. Бұл туралы Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов мәлімдеді.

«Біріншіден, бұл науқан 2006-2007 жылдары болған мүлкті заңдастыру сияқты өтеді. Осы іспетті заң жобасы даярланып жатыр. Оның негізгі шарттарына тоқталсақ, жарияланатын ақша табыс болып саналмайды. Сондықтан оған салық салынбайды. Екіншіден, сол ақшаны жария еткен азаматтар қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершіліктен босатылады. Ал барлық жеке мәліметтер құпия болып сақталады», – дейді Б.Сұлтанов.

Министр атап көрсеткендей, ақшаны заңдастыру барысында капитал арнайы банк шоттарына аударылады. Оған тиісті үстемеақы да төленеді. «Дегенмен,

Қазақстан қазынасына қайтарған елдердің алғашқысы да, соңы да емес. Мысалы, Германия, Бельгия, Ирландия елдері кезінде қаржы тапшылығын сезінгендіктен осындай қадамға барған. Ал Үндістан қаржылық кешірімді ең көп жасайтын ел. Ол елде, шамамен 10 жылда бір рет кешірім жасалып тұрады. Соңғы рақымшылық кезінде, үнді халқы тіпті үй-мүліктері мен пілдеріне дейін заңдастырып алған екен. Ал 2001-2005 жылы Италияда өткен рақымшылық кезінде 61 млрд еуроны құрайтын активтер қайтарылып, салық жинау 24 млрд еуроға артқан.

азаматтар өз ақшасын депозитте ұстағысы келмесе, оны мемлекеттік құнды қағаздарға (банктердің облигациялары, Халықтық IPO аясындағы акциялар) сала алады. Бұдан басқа, жекешелендірудің екінші толқыны аясында құрылыс нысандарын сатып алуға да болады. Ал еш нәрсеге салғың келмесе, ақшаны мүлдем алып кетуге болады. Бірақ банк 10 пайыз көлемінде алымды ұстап қалады. Бұл салық емес, ақшаны отандық экономикаға салуға итермелеудің бір жолы десек болады», – деді министр.

Соңғы жылдары экономикадағы шағын және орта бизнестің үлесі ішкі жалпы өнімнің 17 пайыздық деңгейінде тоқтап тұр. Отандық сарапшылар капиталды амнистиялау арқылы осы межені де ілгерлетуге болатынын алға тартады.



арқылы қыруар қаржыны айналымға салып жүрген іскер азаматтар осы амнистия арқылы елге қаржы әкелуі тиіс. Олар шетелден қомақты қаржыға сарай салады, үй алады. Ал неге сол қаржыны отандық инвестицияға салмасақ?! Сондықтан мұндай іскер азаматтар табыс декларациясын жариялау барысында шетелдік қаржыларын қоса заңдастырып, оны елге әкелуі керек. Мысалы, біз Тәуелсіздік алғалы ел экономикасына шамамен 130 млрд долларға жуық инвестиция тартылды деп қуанамыз. Бірақ деректерге жүгінсек, соңғы 10 жыл ішінде 140 млрд долларға жуық қаржы шетел асқан. Бізде жабайы кәсіпкерлік қалыптасып кеткен. Кәсіп иелері бірінші кезекте өз пайдасын ғана ойлап тұрады. Демек, осымен үшінші рет отырғызғалы отырған рақымшылық өз бастарын ойлайтын жабайылықтан арылуы керек» дейді экономист ғалым Жұмаділда Баяхметов.



Құрықталды

Жақында Алматы қаласы Кедендік бақылау департаменті өкілдері брифинг өткізіп, журналистердің көкейінде жүрген сұрақтарына жауап берді. Бұл жолы департамент бастығының орынбасары Игорь Тен бастаған басқарма басшылары журналистермен тығыз қарым-қатынас орнатып қалуға тырысты.

Кеденшілердің тілшілер қауымын жедел жинап, жиын өткізуіне Қырғызстаннан уақытша алып келінген көлік құралдарының заңды түрде қолдану мәселесін себепші болған. Бақылаушы мекеме арнайы жедел-профилактикалық шаралар жүргізіп, оның қорытындысын журналистерге мәлім етті. Алматы қаласы Кедендік бақылау департаменті Алматы қалалық Ішкі істер департаментімен бірлесіп, 26 ақпан мен 10 наурыз және сәуір айының 18 мен 20 аралығында «ТРАНЗИТ» жедел профилактикалық операциясын өткізіп, қырғызстандық көліктерді тақымдап жүрген азаматтарды ұстап, темір тұлпарларын айыппұл тұрағына қамаған. Осылайша қырғыз нөмерімен жүрген 210-нан астам көлік құрықталыпты.

Ұсталған көлік құралдарына қатысты, олардың иелері

Қазақстан шекарасын заңды түрде кесіп өткендігін және оларды жариялы түрде алып келгендігін анықтау үшін, «Қордай» кеденіне сұраныстар жолдаған. Сондай-ақ 131 азаматтың үстінен ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 430-бабының 1 және 2-ші бөлімдері бойынша әкімшілік істер қозғандарын мәлім етті. Ұсталған көлік құралдарының бір бөлігіне қатысты құжаттар, процессуалдық шешім қабылдау үшін, басқа мемлекеттік органдардың тергеу аймақтарына берілген. Брифингте шетел көліктерін уақытша әкелу тәртібі түсіндірілді. Бұл автокөліктер өзге тұлғаларға қолдану немесе иемдену құқығы тек кедендік декларациялау және кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу талабын орындаған жағдайда ғана беріледі. Кеденшілер қырғыз көліктерін заң аясында пайдалануға үндеді.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Ішімдік саудасына тағы да барьер қойылды

Елімізде араққа қарсы тағы да ауқымды күрес басталды. Осылайша ішімдік сатуға салынған тыйымның уақыты ұзарылды. Енді кешкі 9-дан түскі 12-ге дейін спирттік ішімдіктің саудасына мүлдем рұқсат жоқ.

Мұндай қатқыл шаралардың қолға алыну себебін Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов қазір Қазақстан Орта Азияда ішуден көш бастаған соң қолға алғанын айтты. Алайда Қаржы министрлігінің мәліметі депутаттардың күлкисін келтірді. Бақыт Сұлтанов алып келген ащы судың саудасын реттеу туралы заң жобасы депутаттардың делебесін қоздырғаны анық. Арақ дегенде алдына жан салмаған халық қалаулылары да ағылып сөйледі. Ал, заңды қорғауға келген Қаржы министрі алдымен әр отандасымыздың қанша литр арақ ішетінін алға тартып, әкелген заңды қабылдатуға күш салды. Өз кезегінде министр:

– Елімізде әр азамат жылына орташа есеппен 5,5 литр таза этил спиртін немесе 11 литр

арақ тұтынады. Нәтижесінде Қазақстан Орта Азия өңірінде ең көп ішетін ел болып есептеліп тұр, – деп алаңдаушылығын білдірді. Ал Мәжіліс депутаты Алдан Смайыл: «Министр жаңа айтты ғой Қазақстан Орталық Азияда ең көп ішімдік ішетін ел деп. Соған біз күлдік. Оған күлмеу керек ағайындар, жылау керек», – бұл заңды қолдайынын ашық білдірді. Алдағы уақытта депутаттар «жылайтын» арақ алпауыттары болатынын айттып қалды. Өйткені заңның талабы қатал. Енді спирттік ішімдікті жасырын жарнамалаған кәсіпкерлер де жазаланбақшы. Кешкі 9-дан күндізгі 12-ге дейін дүкендерде спирттік ішімдік саудалауға болмайды. Тек арақ сатуға мейрамхана мен кафелерге рұқсат етілген. Бір қызығы

мектептер мен балабақшалардың қасында арақ-шарапты еркін сатуға рұқсат беріліп отыр. Яғни, 100 метр қашықтық деген талап алынып тасталынды. Жаңа заң шағын кәсіпкерлерге ауыр тиетіні сөзсіз. Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы арақ-

шарап оқу орын нысандарынан 100 метр қашықтықта саудалануы керек, ішімдікті тек ірі сауда орталықтарынан алу турасында заң шыққанда бұған табанды түрде қарсылық танытып, шағын кәсіпкерлердің мүддесін қорғаны есімізде. Ендігі заң алдыңғыдан



да сорақы болып тұр. Бұл заңның кәсіпкер мүддесіне қайшы екенін «Ақ жол» партиясының жетекшісі, ҚР Мәжілісі депутаты Азат Перуашев та жасырмай айтты.

– 100 метр болсын, болмасын арақ ішем деген адамның аузын ешкім қақпақ қоя алмайды. Бұл жемқорлық жайлаған жүйе. Мемлекеттік органдардың қашықтықты ойына келген жерден өлшеп, жасырын табыс табу үшін енгізіп алған нормасы болатын. Қазірдің кез келген мектептің іргесінде арақ сататын дүкендер бар.

Осызда ашу су шығаратын зауыты көп елімізде бұл шектеулердің қаншалықты тиімді боларын ешкім айта алмайды. Ал, бүгін депутаттардың көбі ішімдік ішуді азайттық деп маркайып қалды. Бұл жағдай өз кезегінде отандық спирт зауыттарына да ауыр соққы болып тиетіні сөзсіз. Мұндай жағдайда олар Кедендік одақ шеңберіндегі әріптестерімен бәсекелесе алмай, жабылып тынуы мүмкін.

Болашақты басқару білімде

Республикалық жекеменшік білім беру ұйымдары қауымдастығы еліміздегі жекеменшік білім беру ұйымдарының жұмысын жандандырудағы дәстүрлі халықаралық конференциясын жоғары деңгейде өткізді. Айтулы шараға шетелден арнайы мамандар келіп, көкейде жүрген ойларын ортаға салды.

«Білім беруді басқару – болашақты басқару» деп аталған халықаралық конференцияны өткізуге Алматы қаласындағы Халықаралық бизнес академиясы да атсалысты. Алқалы басқосуға Жекеменшік білім беру ұйымдарының төрағасы Талғат Ақуов, Қазақстан кәсіпкерлері Ұлттық палатасының басқарма төрағасының кеңесшісі Темір Назханов, Ресей коммерциялық емес білім беру ұйымы қауымдастығының вице-президенті Леонид Столярчук қатысты.

Жиынның ашылу салтанатында сөз сөйлеген Талғат Ақуов қазіргі таңда Республикалық жекеменшік білім беру ұйымдары еліміздегі жекеменшік білім беру ошақтарының қамқоршысына айналғанын атап өтті.

– Біздің қауымдастық өзінің қалыптасу жолында көптеген қиындықтардың жеңіп, мемлекеттік органдар алдында жекеменшік білім беру ұйымдарының ұсыныс-талаптарын батыл қойып, табандылық танытты. Елімізде мемлекет пен жекеменшік арасындағы әріптестікті нығайту ісіне және Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2020 жылға дейін білім беру сапасын арттыру туралы тапсырмасына өз үлесімізді қосып келеміз. Қазіргі таңда қауымдастық Білім және ғылым министрлігімен тең құқықты әріптес ретінде байланыс орнатып, Қазақстанда жекеменшік білім беру ұйымдарының жұмысын жандандыруға күш

салуда. Осы ретте қауымдастықтың халықаралық бағытағы жұмысын барынша нығайтқан Роза Садықова бастаған дирекция мүшелеріне алғыс айтамын, – деді. Бұл жолы шараға мәртебелі мейман ретінде қатысқан Қазақстан кәсіпкерлері Ұлттық палатасының басқарма төрағасының кеңесшісі Темір Назханов қатысып, еліміздегі жекеменшік білім беру ұйымдары кәсіптік-техникалық мамандарды даярлау жолында белсенді қызмет атқарып жатқанын тілге тиек етті.

– Қазіргі таңда жастарды кәсіптік-техникалық мамандықты игеруіне бағыт-бағдар беріп отырған колледждердің көпшілігі жекеменшік білім ошақтары болып саналады. Сондықтан Ұлттық кәсіпкерлік палата бұл бағыттағы жұмыстарға мейлінше көңіл бөліп отыр. Қазіргі таңда елімізде 500-ге жуық орта кәсіптік білім беру ұйымдары жұмыс істеуде. Олар білім беру стандартында, жастардың біліктілігін шыңдауда шешімін таппаған мәселелері бар. Біздер осындай конференциялар арқылы бір-бірімізбен іс-тәжірибе алмасып, түйінді мәселелерді шеше аламыз, – деді. Бұдан кейін конференцияға қатысушылар бірнеше секцияға бөлініп, өздерін толғандырған тақырыптар бойынша көкейде жүрген ойларын ортаға салды. Басқосудың екінші күні мәртебелі меймандар Халықаралық бизнес академиясында қонақта болып, іргелі оқу орынның жұмысымен танысты.



Алматы бизнестің ошағы

Алматыда 367 ШОБ субъектілері тексеруден босатылды. Бұл туралы қалалық ТЖД мемлекеттік өрт бақылау бөлімінің бас маманы Басқанбаев Ардақ мәлімдеген.

«Мемлекет басшысының 27 ақпандағы №757 Жарлығына сәйкес Алматы қалалық ТЖД биылғы жылдың бірінші жартысында 367 ШОБ субъектісін тексеруден босату туралы шешім шығарды. Сөйтіп 2014 жылдың басынан бері тексеру жоспарланған субъектілер тексеруден босатылды», – деді Басқанбаев Ардақ. Маманның айтуынша, 2014 жылдың 9-сәуірінде қалалық ТЖД мен кәсіпкерлер палатасы ШОБ нысандарын тексеруден босату туралы ортақ меморандумға қол қойғаны белгілі. Осының аясында қалалық ТЖД Елбасының Жарлығын жүзеге асыру бойынша өткізілетін шаралар жоспарын құрған. Жалпы алғанда шағын және орта бизнес көптеген жаңа жұмыс орындарының пайда болуын, экономиканың инновациялық әлеуетінің дамуын, өндірісті ұйымдастырудың жаңа түрлерін іздеу және енгізу, сағу және қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Шағын және орта кәсіпкерлік – елдің тұрақты дамуы және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің жоғары

болуының негізі. Сондықтан да шағын және орта бизнесті қолдау саясаты жүзеге асырылуы қажет және де бұл қолдау мемлекет тарапынан белсенді түрде іске асуы тиіс. Бұл мемлекеттік қолдау салық жеңілдіктері негізінде жүзеге асады.

Бүгінде Алматы қаласы шағын және орта бизнес өкілдерінің белсенді жұмыс істеп отырған мегаполис ретінде елімізге танымал. Соңғы уақыттары қалада 14 мыңнан астам кәсіпкер патенттерін «электронды үкімет» арқылы алғанынан көп жайтты аңғаруға болады. Жыл басынан бері салық төлеушілердің бұл санаты бюджетке 236,9 млн. теңге төлеген. Өсу қарқыны өткен жылмен салыстырғанда 103 пайызды құрап отыр. Патент алу үшін есептемелерді салық органдарына қағаз жүзінде немесе салық органдарына келмей-ақ, «электронды үкімет» веб-порталы арқылы өткізуге болады. Патентті «электронды үкімет» арқылы алу кәсіпкердің уақытын да ақшасын да үнемдейді.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Жастар бизнестің қозғаушы күші болуы тиіс

Қазақстанда жастардың бизнеспен айналысып, экономикаға өз үлестерін қосуының маңызы зор. Бұл үшін жастар бизнес әліппесін мектеп қабырғасынан бастап білуі керек. Кеңес заманында кәсіпкерлік салаға қатысты жағымсыз көзқарас қалыптасқаны белгілі. Ал қазір заман өзгерген, кәсіпкер ең қадірлі адамға айналып отыр. Сол себепті жастардың бизнеске деген қызығушылығы күн санап артып келеді.

Қазір Қазақстанда жастар арасында кәсіпкерлік әліппесі қалыптасу үстінде. Жоғары оқу орындарында тәлім алып жүрген студенттер кәсіпкерліктің қыры мен сырын үйренуде. Бүгінде экономиканың басты қозғаушы саласына айналған кәсіпкерлік саланың құпиясын білу үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Экономика және бизнес жоғарғы мектебі факультетін таңдап, қаржыгер мамандығы бойынша білімді жетілдірудемін. Біздің университет сапалы білім беруде инновация мен жаңа технологиялық жетістіктерін жан-жақты пайдаланып, білім беріп жатқанын мақтанышпен айта аламын. Сондай-ақ, студенттер электронды биржалық сауда оқу орталығыды біліктілігін шыңда мүмкіндігіне ие болған. Мұндай орталық кез келген оқу орынында жоқ. Біз үшін бұл үлкен мүмкіндік. Қаржы менеджментіне талдау жүргізу, қорлардың

ақша қаражатына мониторинг жүргізудің жүйесін меңгердік. Оқуды бітірген соң ірі компаниялар мен шағын және орта бизнес саласында жұмыс істеп еліміздің дамуына өз үлесімізді қосатын боламыз.

Қазір ауылда мектеп бітіргеннен кейін әлеуметтік жағдайына байланысты жоғарғы оқу орындарына түсе алмаған соң, қолындағы малын өсіріп, жерін кеңейтіп, шаруашылықпен айналысып жүрген жастар көп. Өз басым олардың бұл әрекеті үлкен кәсіпкерліктің басы деп есептеймін. Мұндай талапты жастарға мемлекет қолдау көрсетуі керек. Ауыл мен қалада кәсіппен айналысып жүрген жастар үшін кәсіпкерлік әліппесін меңгерудің мәні зор. Кәсіпкерлік әліппесі қалыптастыруда, салық пен кәсіпкерлік заңдарды міндетті түрде енгізу керек. Осылайша жастардың бизнеске деген қызығушылығын арттырған жөн.



Ақмарал ҚАПАШ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Экономика және бизнес жоғарғы мектебінің 4-курс студенті.

Халықтық бақылау – дамудың негізі



– **Талгат мырза, елімізде тұтынушы құқығын қорғайтын ұйымдар аз ба, көп пе?**

– Жетіп артылады. Бас аяғы 200-ден асады. Соның ішінде ең танымалы Тұтынушылар бірлестігі мен Адал және тағы басқа оншақты ұйым бар. Ал біздер «қоғамдық бақылауды үкіметтік емес ұйымдардың қолына беру керек» деген принципті ұстанамыз. Мысалы, кезінде халық бақылау деген болды ғой. Оның ықпалы күшті еді. Түрлі саланы түгел тексеретін. Сол бір дәстүрлі қайта жаңғыртқымыз келіп жүр. Қазір халықтық бақылау деген мәселе мәжілісте талқыланып жатыр.

– **Біздің қоғамның тұтынушылық түсінігі, сауаты дамыған деп айта аламыз ба?**

– Бұған жалақыны мысалға келтіріп жауап берейін. Мысалға, сіздің жалақыңыз 150 мың теңге делік. Айлықтың отыз мыңдайын салық пен зейнетақыға ұстап қалады. Қолға жүз жиырма мың аласыз. Төленген салықтың қайда кеткенін сұрамайсыз. Батыс пен біздің қоғамның арасындағы ең үлкен айырмашылық осында. Бізде салық төлеудің

Тұтынушы мен салықтөлеушінің мүддесін қорғайтын «Қазпотребнадзор» ұйымының төрағасы Талгат Әбдіжаппаровпен ой бөліскен едік. Өз кезегінде білікті маман дамыған елдердегі салық төлеу жүйесі, тұтынушы құқығын қорғау мен кедергі мен кемшілік, қызмет көрсету сапасы, коммуналды қызмет бағасы, түрлі саладағы жемқорлық мәселесі, медициналық сақтандырудың маңызы туралы пікірін ортаға салды.

жауапкершілігі толықтай жұмыс берушінің мойнында. Шетелде бұл міндет жұмыс беруші мен қызметкердің арасында тең бөлінген. Орысша айтқанда «солидарная ответственность» дейді. Бұл дегеніміз, ақша қажет кезде сіздің салық төлемеуге, айлығыңды толық алуға құқыңыз бар. Әрине, белгілі бір мерзімге дейін. Сосын бізде салық төлемеген адамды, жеке тұлғаны түрмеге тоғыта алмайды.

– **Себебі, өзіңіз айтқандай салық төлеудің міндеті заңды тұлғаларға, яғни жұмыс берушіге жүктелген.**

– Иә. Шетелде салықтан жалтарғаны үшін міндетті түрде жазаланасын. Оларда салықтық декларация деген ұғым баяғыдан бар. Бізде мұны енді енгізгелі жатыр. Өзір бұл бізге бұлыңғыр ұғым. 2015 жылы салық төлеушілер осындай декларация толтыратын болады. Кірісіміз бен шығысымызды, мүлкті декларациялау қажеттігін сол кезде ұғына бастаймыз. Міне, сол кезде төлеуге тиісті салықтың сомасын да қаперде ұстайсыз. Салық жергілікті бюджетке кетеді. Оны әкімшілік қайтеді? Мысалы, қазір Алматы қаласының бюджеті 7 млрд. доллар. Мұның 5 млрд-ын республикалық бюджетке аударады. 2 млрд қаржы әкімшілік қолында қалады. Осы қаражат біздің ақша. Алматыда ірі салық

төлеушілер жоқ. Әрі кетсе, банктер... Яғни, қаланың бюджеті біздің қалтамыздан шығады. Ендеше, біздің «қала көшелерінде неге жарық жоқ, қар неге тазаланбайды, көше неге лас, жолдар неге қырық жамау, қоғамдық көліктің сапасы неге төмен, қылмыс неге азаймай отыр?» деп сұрауға құқымыз бар. Мысалға, Алматы ұсақ қылмыстың сексен пайызы ашылмайды екен. Мұны Президенттің өзі айтты. Шынымен солай ғой. Ал бұл біздің салықтың есебінен күн көріп отырға шенеунікті де алаңдатуы тиіс.

– **«Қазпотребнадзор» жемқорлықты бірнеше түрге бөлгені белгілі, соны айтып бересіз бе?**

– Тұтынушылар негізінен мемлекетті қызметті пайдаланады ғой. Ал мемлекеттік қызмет көрсетуде жемқорлық жоқ деп айта алмайсыз. Біз коррупцияны бірнеше топқа бөлдік. Біріншісі, ұлттық компаниялардағы жемқорлық. Сосын мемлекеттік, одан кейінгі кезекте құқықтық органдар, білім жүйесі, денсаулық сақтау саласындағы жемқорлық. Әйткенмен, коррупцияның ең қауіпті түрі әлеуметтік жемқорлық. Бұл коррупцияның көзі халықтың өзі. Себебі, жегіштер жұрттың есебінен күн көреді. Айталық, баланы балабақшаға орналастыру, жақсы мектепке кіргізу ақша.



Балабақшаның ставкасі 500 доллар, қаладағы бетке ұстар мектептер 7-10 мың долларға дейін сұрайды. Халықтың билікке деген сенімін жоятын да осы әлеуметтік жемқорлық. Соның бірі – полиция. Тергеушілер таңертең оншақты қылмысты істі алдына қойып, солардың ішінен «ақша сындыруға болады» дегенін таңдап алады. Ақшаны не жәбірленушіден, не болмаса жаза басқаннан алады. Кімнен алса да бәрібір. Қылмыстың ауыр, жеңіліне қарамайды, әйтеуір қылмыстық іс болса қуанады. Біз бұл жүйені зерттедік. Айтсақ сенбейсіз, ішінен іріп жатыр. Туыс-туған, сыныптас, курстаспен әңгіме басқа. Бірақ бұл кезде де құралақан қалмайды: «Маған емес, бастықтың аузын жабуы керек» дейді.

– **Сөз басында «салықтөлеушінің сауатын ашу керек» дедіңіз. Мұның нақты жолдары қандай?**

– Бұл үшін бүкіл салықтөлеушілерді біріктірген жөн. Бұл қиял емес. Мысалы, Германияда 80 млн халық бар.

Ол жерде Тұтынушылардың Орталық қоғамы деген бар. Осы қоғамға 20 миллион адам мүше. Бұл ұйым саясатпен айналыспайды. Бірақ Германияның кез келген партиясы олармен сөзімен сана-сады. Неге? Дамыған мемлекеттерде партиялар біздегідей жыл сайын жана платформа шығара бермейді. Сайлау науқанында негізінен: «Кедейлерге арналған салық, байларға арналған салық, кімге көтереміз, кімге түсіреміз, әлеуметтік көмекті, әскери бюджетті кеміту керек пе, жоқ пе?» деген мәселе көтеріледі. Бұларды партиялар әлгіндей тұтынушылар қоғамымен бір үстелдің басында отырып талқылайды. Америкадағы Жеке салық төлеушілер қауымдастығына 2 миллион адам мүше. Ол да өте ықпалды. Жаңа сайланған президент бұлардың алдынан өтеді, «батасын алады». Иә, демократ, республикашыл дейді. Бірақ бұл саясат. Мұндайлар сыртқы істермен айналысады. Мен айтып өткен ұйымдар әлеуметтік мәселені шешумен шұғылданады. Бірі бірінің

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Сапасыз өнімге тыйым салынды

Қазақстан билігі ел аумағына Беларусь пен Ресейден құс етін, ал Украинадан ірімшік тасымалдауға тыйым салды. Бұл – халқымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жасалған қатаң шара. Өйткені сапасыз өнім жеткізуді шектейтін басқа тиімді жол жоқ.

Еліміздің бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин украиндық өндіруші компаниялардың өнімдері ақуыз, мал майы мен ылғалдың салмақ үлесі бойынша сәйкес келмеуіне байланысты, бұл тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша заңнаманың бұзылуы болып саналатындықтан, ел аумағына әкелуге тыйым салатын қаулыға қол қойды. Сондай-ақ Қазақстан бір беларустық және төрт ресейлік өндірушілер өндіретін құс етін тасымалдауға тыйым салғаны да белгілі болды. Өйткені санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары беларустық «Смолевичи Бройлер», ресейлік «Приосколье» ЖАҚ және «Майкоп құс комбинаты» ЖАҚ

өнімдерінде ылғалдың салмақ үлесі белгіленген нормадан 1,5-3 есе артық екенін анықтаған. Бұдан басқа мемлекеттік тілде жазылған таңбалау болмаған.



Банк өңдеуші саланы қолдасын

Отандық банктердің бизнесті несиелеуге деген құлқы қазір өте төмен. Қазір банк пен несие алушылар арасында сенімсіздік дендеп тұр. Көптеген тұтынушының несиеден қағылғаны да жасырын емес.

Борышкерлердің көбейіп кетуінен тәуекелшілдікке баруға тайқып, несие беруден мүлдем бас тартып отырған банктер де бар. Алдағы уақытта бұл мәселе осылай жалғаса беретін болса, онда біздің шағын және орта бизнеске қатысты қолға алынған реформаларымыз нәтижелі болмауы мүмкін. Банктер мемлекеттік маңызы бар жобаларды несиелендіруі тиіс. Ол үшін Үкімет банктерге мынадай міндеттемелер жүктеуі керек. Біріншіден, банктер пайыздық төлемдерін төмендетуі қажет. Екіншіден, екінші деңгейлі банктердің де несие тәуекелі төмендетіліп, қайтпай қалған несиелерді қайтаруға тек қана банктер емес, жергілікті органдар да атсалысқаны жөн. Міне, елде осындай белсенділік болғанда ғана бизнес-өндіріс-банк формуласы жұмыс істейтін болады. Ал нақ қазіргі жағдайымызбен соңғы бес жылда банк пен бизнестің арасын жақындастыра алмаймыз.

Мұны сарапшылар да қолдап отыр. Қазақстанда «банктер өндіріспен тығыз қарым-қатынаста» деп қалайша айтуға әлі ерте Сондықтан мұндайда амалсыз үндемеуге тура келеді. Міне, біздегі өндіріс+банк+бизнес формуласының сипаты – осы. Ал бірқатар дамыған елде бүгінде бұл үш сала бір-бірімен біте қайнасып, тіршілігі қабысып жатыр. Рас, бізде де банктер тарапынан қолдауға ие болып, өзінің шағын кәсібін дөңгелетіп отырған азаматтар баршылық. Олардың бірі өзіне медициналық шағын клиника ашып алып жатса, енді бірі шетелдік дайын технология сатып алуға қаржы алған, үшінші бірі сауда-саттық жасайтын дүкендер ашуға қол жеткізген. Бірақ олардың арасында өнім өңдеуші саланы қолдау әлі де болса аз. Әрине, күндердің күнінде банктердің өңдеу саласының бағын ашуға, отандық бизнестің әрін кіргізуге ықпал етері анық.

ісіне тұмсық тықпайды. Егер бір партияның атынан шыққан тұлғаның платформасы көңілінен шықса, әлгіндей ұйымдар оны қолдауға әзір. Сайлаушылар «ол кедейге салынатын салықты азайтуға, байлардың салығын көбейтуге, әскери бюджетті қысқартуға» уәде берді дейді. Байқадыңыз ба, дамыған елде барлығы, бар мәселе бюджетке тіреледі. Шетел әлеуметтік теңдік пен әділдікті берік ұстанады. Бізде мұндай ұғым атымен жоқ. Әлеуметтік теңдік дегенде бай мен кедейдің арасы тым алшақ

Коррупцияның көзі халықтың өзі. Себебі, жегіштер жұрттың есебінен күн көреді. Айталық, баланы балабақшаға орналастыру, жақсы мектепке кіргізу ақша. Балабақшаның ставкасі 500 доллар, қаладағы бетке ұстар мектептер 7-10 мың долларға дейін сұрайды.

болмауы керек. Бұл сақталмаған жағдайда оның арты жақсылыққа әкелмейді...

– Көп жағдайда тұрғындардың еліміздегі қызмет көрсету сапасына көмілі толмайды... Осы саланы кем кетігін түзейтін кез келген жоқ па?

– Біз, бірінші кезекте өзіміз талап ете алмаймыз. Айталық, ұлттық компания дегеніміз не? Бұл біздің ақшамызға құрылған компания. Яғни, біз, салық төлеуші қаржыландырамыз оларды, олар бізден түскен ақшаны пайдаланады, инвестициялық бағдарламаларды біздің ақшамыздың есебінен қаржыландырады. Қазмұнайгаз, ҚТЖ деп жатамыз. Сырттай солардың бізге мүлде қатысы жоқ сияқты. Шетелдік компания сыйқылды. Мысалға, ҚТЖ, болмаса ұлттық тасымалдаушы дейтін «Эйр Астана» мына менің, халықтың компаниясы. Сондықтан мен ең алдымен, салықтөлеуші ретінде осы екеуінен «жол жүру бағасы неге қымбат, қызмет көрсету сапасы неге төмен?» деп сұрауға құқым бар.

– Коммуналдық қызмет бағасына қатысты не айтасыз?

– Бұл жерде бағадан бұрын, шетелде көрген түйген дүниелеріммен бөліскенім жөн шығар. Қазір Германияда су, газ тасымалдайтын кем дегенде 20 компания бар. Тұтынушы солардың арасынан тарифі тиімді, қызмет көрсетуі сапалы дегенін таңдап алады. Ал әлгі жиырма компанияның арасында тұтынушы үшін талас жүреді. Бізде мұндай таңдау жоқ. Монополия. Жақында Петр Своик жазды: «тұрғын үй

коммуналдық шаруашылығын модернизациялау деген дүние үлкен ауқымдағы алаяқтық болды. Қазақстан тұрғындарын «тарифты өсіру есебінен саланы модернизациялаймыз» дегендер тақырға отырғызып кетті». Бұған Бәсекелестікті қорғау агенттігінің экс-төрағасы Болатбек Қуандықовтың сөзі дәлел. Бір компания модернизация жұмысына жаратамыз деген сылтаумен тарифты көтерген. Бірақ кейін олардың 2 млрд. теңгені акционерлерге дивидент төлеуге жұмсағаны белгілі болды. Ал модернизациялауға (айтсаң күлесіз) 25 млн теңге бөлген. Бұл біздің ақшамыз еді ғой? Міне, құлдық психологияның тамыры қайда жатыр... Біз салықты қайда төлейтінімізді, қаржының қайда жұмсалатынын сұрап, талап етуіміз керек. Сонда ғана әр заттың әділ бағасын төлейміз. Өзір бізде мұндай ұғым, түсінік атымен жоқ.

Кеңес үкіметі кезінде кәуәпте ет жетіспесе асхананың иесін 7-8 жылға соттайтын. Бұл сынықтан сылтау іздеу емес.

Банктер іріленсе, бәсеке әлсірейді

Еліміздің қаржы секторын 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасының жобасы жарияланып, онда шағын банктерді ірілендіру қажеттігі қарастырылуы мүмкін делінген. Ірілендіру дегеніміз – шағын банктерді қосып, бір банк жасау екендігі белгілі.

Аталған құжатта «ұсақ банктерді мәжбүрлі түрде қысқарту немесе банктердің жалпы санын шектеу керек» деп айтылмаған. Әйтсе де реттеу жүйесі шағын банктерді ірілендіруге не болмаса оларды несие ұйымдарының басқа формаларымен айналысатындай, қайта құруға бағытталады деп ойлаймын. Мұндай ойға аталған құжатта айтылған «ҚР Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру жүйесі құнды қағаздар нарығының алғашқы диллерлері жүйесін дамыту аясында жүзеге асырылатын тек ірі және орташа банктермен ғана операция жүргізуді ұйғарады» деген жолдардан кейін тоқталдым» дейді сарапшы-қаржыгер Ілияс Исаев.

Жақында ғана болып өткен Fitch Ratings-тің Қазақстан бойынша VIII жыл сайынғы конференциясында «Қазақстан қаржыгерлер ассоциациясымен өзара жазысқан хаттар барысында жуық арада ең төменгі жарғылық капиталды банктер үшін 90 млрд теңгеге дейін жеткізу жоспарлануда» деген ақпараттың тарағаны жайында айтылған. Қазіргі кезде қазақстандық банктер үшін жарғылық капиталдың ең төменгі көлемі 5 млрд теңгені құрайды. Егер осы мөлшер кемінде 90 млрд теңге болуы керек деген талап бекітілсе, шағын банктер тұрмақ, ірі банктердің де оған шамасы жете қоюы екіталай. Өйткені қазіргі ірілер қатарына жататын бірқатар банктердің жарғылық капиталы әрең дегенде 50 млрд теңгеге жететіні жайында ақпарат көздері жариялаған болатын. Кейбір ақпарат көздеріне сенсек, ірі банктер арасында 90 млрд теңге деңгейінен асып кеткендер қатарында «БТА банк» (1 366 млрд теңге), «Альянс банк» (273 млрд-тан аса), «Қазкоммерцбанк» (204 млрд), «АТФ банк» (167 млрд), «Нұрбанк» (129 млрд теңге) ғана бар көрінеді.

Егер Ұлттық банктің талқыланып жатқан бұл бастамасы күшіне енетін болса, жарғылық капиталы жағынан екінші толқындағы банктердің жағдайы шынында да, ауырлау болатын сынайлы. 2008 жылға дейінгі ТМД елдері арасында ең мықты банк секторы біздікі деп мақтанғанмыз күні бүгінге дейін есімізде. Бірақ дағдарыс дауылынан кейін банк сек-



торы басын әрең көтеріп, жан-жағына қараған кезде проблемалық активтердің астында қалғанын бір-ақ білді. Көпіршіктің құны үрленген шардың ғұмырымен тең екенін түсінген реттеуші орган бақылау тізгінін қолына мықтап тұрып алмаса, болмайтынын да сол дағдарыстан кейін түсінді.

Сонымен қатар ҰБ микронесие ұйымдарының қызметін де назардан тыс қалдырмай, олардың да қауызын қыса түсетін түрі бар. Қазіргі кезде микронесие берумен айналысатын 1700 ұйым бар десек, жұмыс істеп тұрғаны тек 800 ғана көрінеді. 2016 жылдан бастап қабылданатын жаңа заң бойынша шағын несие Ұлттық банк бақылауымен ғана жүзеге асырылмақшы. Жаңа заң қабылданғанша, ескі заң әзірше микронесие беретін ұйымдардың нарықта жұмыс істей беруіне жағдай жасайтын көрінеді.

Елде банктердің ірілену процесі жалғаса беруі мүмкін. Бірақ бұл онсыз да бәсеке дегенді білмейтін банктерді одан бетер монополияға айналдырып жіберуі ықтимал. Өйткені қазірдің өзінде көптеген банктердің акционерлері мен қожайындары шенеуніктер мен олигархтар екені талассыз, сондықтан да төлем қабілеті жоғары банк клиенттері баяғыда-ақ бөлініп алынған. Банктерді ірілендіру процесі қаржы институттарын 10-15 қолға бөліп берумен шектеліп, бүгінгі күнімізге де жете алмай қалармыз деген үрей де жоқ емес.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Орта бизнес қашан дамиды

Бүгінде елімізде 1 миллионға жуық бизнес субъектісі бар. Онда 3 миллион адам нәпақасын тауып отыр. Алдағы уақытта шағын кәсіпкерлік мемлекеттік қолдаудан кенде болмайды. Дәлірек айтсақ, Елбасының тапсырмасымен 1 триллион теңге қаржы бөліну көзделуде. Бұл қаржы шағын кәсіпкерлікті қолдауға жұмсалмақ. Жөн-ақ.

Кәсіпкерлер үшін жағымды жаңалық. Бірақ орта кәсіпкерлікке бұдан тиер енші қаншалықты? Оны уақыт көрсетер. Өйткенмен, бұл күнгі

орта кәсіпкерліктің аяқ алысы шағын мен ірі кәсіпкерліктің арасында жұтылып кетердей ғана. Себебі, жалпы ішкі өнімдегі үлес салмағы – 10 пайыз ғана не-

бары. Мысалы, Экономикалық зерттеу институтының зерттеулері шағын кәсіпкерлік субъектілерінің орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарағанда өнім шығаруы 48 пайызға артықтығын көрсеткен. Сонымен қатар, бұл зерттеу орта кәсіпкерлік өнімінің кейінгі жылдары әлсіз әлсіз дамып келе жатқандығын да көрсетіпті. Бірақ шағын бизнестің үлесі әлі де қомақты екенін жоққа шығармайды. Жалпы шаруашылық субъектілері бойынша шағын кәсіпкерлердің үлесі 93 пайызды құрайды екен елімізде. Алайда, ЖІӨ келгенде кәсіпкерліктің үлесі өте аз. Небары 20 пайыз шамасында. Бұл дамыған елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Мәселен, шағын кәсіпкерлердің үлесі Германияда – 57 пайыз, Ұлыбританияда – 52, АҚШ-та – 52, Францияда – 50 пайыз.

Қазақстандағы ЖІӨ-дегі қомақты үлесті ірі бизнес иеленетіні де жасырын емес. Оның қоржынында – 70 пайыз.

Сонда өзіңіз есептей беріңіз. 20 пайыз шағында, 70 пайыз – іріде болса, қалған 10 пайыз ғана – орта кәсіпкерліктің еншісінде. Ал белсенді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санына шаққанда олардың үлесі 1,2 пайыздан әлі асқан жоқ.

Бұдан кейін орта кәсіпкерлік қарқын алып келеді деудің қисыны келе қоймайды. Сондықтан да сөз басында орта кәсіпкерлік бізде жоқ деп аузымызды күшпен сүртіп отырғанымыз. Өйткені, сандар солай сөйлеп тұр. Тоқсаныншы жылдардан бері елімізде шағын бизнесті дамыту бағытында алты мемлекеттік бағдарлама қабылданыпты. Бұл шағын бизнестің үнемі мемлекеттің шапағатын көріп келе жатқандығының көрінісі. Бірақ орта кәсіпкерлік емес.

Мемлекеттік қолдау арқылы шағын бизнес орта бизнеске көтерілуге ұмтылуы керек логика бойынша. Әйтсе де, шағын бизнестер мемлекет қамқорлығынан соң қаншалықты орта кәсіпкерлік

деңгейіне жете алды? Бұл әлі де шешімі жоқ теңдеу. Топшылауымызша, жеткенінен жетпегені көп. Олай емес деген жағдайда, орта кәсіпкерліктің үлесі жоғарыдағы көрсеткіштен әлдеқайда артық болар еді.

Қазіргі таңда біздің кәсіпкерлік саласы қоғамдағы бай мен кедей сияқты. Яғни, осы күні қоғамда өте бай және кедей адам бар. Орта тап жоқ. Бар болса да, азын-аулақ. Кәсіпкерлік те сондай кеп. Ірі кәсіпкерлік бар. Олар «талғамай жұтсам, қылтаныны тамағым қадалар» деп ойламайтын ірі, азуы алты қарыс компаниялар. Одан соң бар тапқаны ішім-жемін айыруға жететін, не өспейтін, не өнбейтін шағындар. Орта, өкінішке орай «ортамызды» толтыра алмай жүр. Ал ол қалай шешімін таппақ? Бұл енді құзырлы орындардың тағы бір 5-6 жыл отырып, ұза-а-аақ ойналуын қажет ететін мәселе. Тек оған дейін орта кәсіпкерлер ұсақ-ұсақ шағынға шашылып қалмаса дейк...



Еуразиялық интеграциядан не күтеміз?

Эдуард Полетаев:

– Биылғы жылдың ең басты жаңалығы, оның ішінде посткеңестік кеңістіктегі айтулы оқиғалардың бірі – мамыр айында Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕЭО) қол қойылады. Қазір сарапшылар оның ішінде саясаттанушылар, экономистер, журналистер, блоггерлер бәрі-бәрі де ЕЭО-ға қатысты ой ойларын білдіруде. Біз бұл ретте одаққа біріккелі отырған үш елдің бұқаралық ақпарат құралдары «не жазып жатыр?» зерттеу жүргізгенбіз. Оның нәтижесінде осы мәселеге Қазақстан масс-медиясының назары ерекше екендігіне көз жеткіздік. Ал ресейлік ақпарат құралдарының қазіргі назары қайда екендігі өздеріңізге белгілі болар...

Ресей мен Қазақстанның экономикалық өсімі көп жағдайда табиғи ресурстар экспортына тәуелді. Ал дамыған мемлекеттерде басқа талаптар, экономикалық өсім технологиялық жаңалықтармен олардың өндіріске кірігуімен, ғылыми зерттеулермен, білім саласындағы табыстармен өлшенеді. Яғни, мемлекеттің дамуы, табысы тек ЖІӨ-ның өсімімен өлшенбейді. Біздегі экономиканың ең үлкен кемшілігі, дайын өнім өндіреміз. Ал дайын өнім өндіру үшін ғылыми-технологиялық кешенді бағдарлама керек. Ал мұндай бағдарламаны жүзеге асыру үшін бірнеше мемлекеттің күш-қуаты жұмылғаны жөн. Менің ойымша, ЕЭО осыған септесетін болады.

Марат Шибұтов:

– Мен одақтың қағаз-құжатымен танысып шықтым. Қазір «Еуразиялық Одақ негізінен экономикалық ұйым болады» деген пікірлер айтылып жүр, алайда оның ішінде саяси мәселелер де бар. Осынау келісімшарттың бесінші бабында: «ЕЭО негізінен сауда саясатымен, техникалық реттеу, фитосанитарлы шаралармен шектеледі» деп айтылған. Сонымен қатар: «одақ халықаралық құқықтың субъектісі болып табылады» деген бап бар. Сайып келгенде бұл екеуі бір-біріне қарама қайшы. Ресейліктер одақтың аясын кеңітуге мүдделі. Ал біздікілер өз кезегінде, келісімшарттан «ұйым халықаралық пунктін субъектісі болып табылады» деген тармақты алып тастағысы келеді.

Келісімшартта – үш елде міндетті түрде орындауы тиіс жайттар тайға таңба басқандай көрсетілген. Бірақ бұл пункттермен, қазіргі күні осынау келісімшартты жасаған жауап-

«Еуразия әлемі» пікір-сайыс клубында таяу уақытта іс жүзінде іске кірісетін Еуразиялық экономикалық одақтың сан-салалы мәселелері талқыланды. Жиынға қатысқан қонақтар осынау одақтың экономикалық қырларына ғана емес, сонымен қатар саяси сипатына да баса назар аударды. Дөңгелек үстелге саясаттанушы Эдуард Полетаев, Қазақстандағы шекаралық әріптестік Ассоциациясының өкілі Марат Шибұтов, ҚазҰУ-дың профессоры Ғалия Мәукебаева, «Алмагест» консалтингтік компаниясының бас директоры Айдархан Құсайынов, экономист Айгүл Түлембаева қатысты.



ты тұлғалардың сөздері көп жағдайда сәйкес келмейді. «Кедендік лимитті, ҚҚС (қосымша құн салығы), салық, акциздер және тағы да басқаларды өзгерту қажет пе, жоқ па?» деген пікірталас жүруде. «Егерде осы пікірталастардың нәтижесінде өзгеріс бола қалса, олар аталған келісімшартқа енгізілме, жоқ па?» деген мәселе тағы бар.

Екіншіден, келісімшарттағы талаптар мен міндеттер орындалуы керек. Бұл үш елге де қатысты. Алайда біз мұндай талаптардың кейбір кездері ескерілмейді. Оған Кеден Одағы куә. Сосын бұған Беларусьтегі нарықтық емес экономика да кедергі келтіріп отыр.

Ғалия Мәукебаева:

– Бүгінгі әлемде интеграциялану, аймақтық бірігу кез-келген мемлекет үшін маңызды құрал. Журналистер одақтың саяси жағына көбірек үніледі, ал сарапшылар экономикалық жағына көбірек на-

зар аударады. Негізі, Эдуард мырза дұрыс айтады. Одаққа қатысты сан түрлі ақпарат негізінен Қазақстанда тарауда. Бұл ретте еурооптимистер мен еураскептиктер тобы қалыптасты. Бірақ, меніңше, дәл әзіргі күні экономикалық интеграцияның қажеттілігін барлығы түсініп отыр. Бұл процесс тек мамыр айындағы келісімшартқа қол қоюмен шектелмейді. Еуроодақ интеграциясының өзі бақандай 50 жылға созылғаны белгілі.

Айдархан Құсайынов:

– Бүгінде жұртшылық Еуразиялық одақты Кедендік одақпен шатастыруда. Ал Кедендік одақтың қандай кемшілігі болғанын халық пен кәсіпкерлер жақсы біледі. Саясатта шаруасы жоқ адамдардың көпшілігі осы ұйымның атынан, атауынан үркенді, қорқады. Екінші мәселе, біздің Қазақстанның экономикалық лозунгі қандай еді? Ол импорттың тасқынын тежеу, оның орнын өз өнімдерімізбен алмастыру атты ұран

болатын. Енді келіп халыққа интеграция туралы идеяларды айтып жатыр. «Ресейде осынау одақ туралы баспасөз беттерінде сирек айтылады, аз жазылады» деп жатырсыздар. Мұның негізгі себебіне үнілер болсақ, ресейлік кәсіпкерлер өздерінің қазақстандық әріптестерінен қандай да бір қауіп күтпейді. Яғни, бәсекелес ретінде санамайды. Былайша айтқанда, қорықпайды. Өйткені олар сыртқа тауар тасымалдап үйренген, бәсекелесінің алдын орауды үйреніп алған. Сондықтан бізге әзіргі күні өзіміздің болмысымызды өзгерту керекпіз. Ол дегеніміз жаңа экономикалық одақтың талаптарына бейімделу, үйрену деген сөз. Қазір баспасөзде «біздің экспорттық көрсеткіш төмендеп, импорт өсіп кетті» дегендей ақпарат жиі шығып жүр. Төмендеп жатқан негізінен шикізат өнімдері, пайдалы қазбалар, ал олардың төмендеп кетуінен отандық шағын және орта бизнеске ешқандай зиян келмейді. Есесіне біздің – алкоголь, май, қант өнімдерінің экспорты өсіп жатыр.

Айгүл Түлембаева:

– Мен осы одаққа қатысты Мәскеуде өткен конференцияға қатысқанымда көпшілік бұл одаққа қарсы шықты. Бір қызығы олар «Ресейдің Еуразиялық одақтан ұтарынан, ұтылары көп болады» дейді. Себебі, бүгінгі күні ресейлік азық-түлік нарығын толықтай белорусь өнімдері жаулап алған. Мен экономист ретінде шағын және орта бизнестің мәселесіне назар аударғанымда, бұл одақтан ірі бизнес ұтылмайды. Ал шағын бизнеске келгенде... бізді және ресейліктердің алдын белорусьтер орап кеткелі отыр. Бірақ, олар қазіргі қарқынын одан әрі күшейтуге қауқарсыз. Неге? Себебі, Беларусьте кадр тапшы. Еңбек миграциясына жол жабық. Дегенмен, олардың бізді ұтатын жері шағын және орта бизнес елдің барлық аймағында бірдей дамыған. Бізде бұлай деп айта алмайсыз. Сондай-ақ мен осы дөңгелек үстелге жиналған бірқатар қонақтардың одаққа қатысты айтқан пікірлерімен келіспеймін. Неге? Әу баста Президент бізге «импорттың тасқынын тиямсыз» деген жоқ. Елбасы осы одаққа бірігу арқылы біздің кәсіпкерлерге негізгі экспорттық бағытты көрсетіп, үлкен нарыққа шығуға жол ашуды көздеді. Ал біздің кәсіпкерлер мұндай нарыққа шыққысы келмейді. Себебі олардың сыртқы нарыққа, одақтас елдердің нарығына шығарар жарытымды өнімдері жоқ.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Кәсіпкер құқын бір заң реттейді

«Еуразия кәсіпкерлерінің қауымдастығы» үкіметтік емес ұйымы кәсіпкерлерден түскен шағымдарды сараптай келе шағын және орта бизнес өкілдерінің СЭС-ке көп арызданатынын анықтап отыр. Осылайша мемлекеттік органдар Елбасы тапсырмасын орындамауда. Бұдан бөлек жер комитеті, жергілікті билік бар да тазалықшы мамандардан қалыс қалмайды екен.

Қоғамдық ұйымның жетекшісі Жомарт Алдоңғаров өткен жылы прокуратурамен, облыс әкімдігімен бірлесе «Шенеунік және кәсіпкер» акциясын өткізгенін алға тартты. Сол кезде шараға бар болғаны бес кәсіпкер ғана қатысқан. Себебі не? Өйткені, кәсіпкерлер қазір ешкімге сенбейтін болған. Тіпті, кәсіпкерлер өмірде кәсіпкерлік бөлімі бар дегенді білмейді. Елбасы қазір бизнес аяғынан тік тұруы үшін осындай мүмкіндіктер жасады. Елбасы мораторий жариялауына түрткі болған шенеуніктердің бетімен кеткендігі. Сондықтан да қазіргі бизнес қауымдастық Елбасының ұсынысын қолдап,

Ұлттық палатаға зор үміт артып отырғаны белгілі.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев биылғы жылдың 27 ақпанында шағын және орта бизнес саласында қолданылатын шараларды үйлестіруге қатысты Жарлыққа қол қойған болатын. Бұл жарлықтың мақсаты – елімізде кәсіпкерлікті жақсарту. Аталған Жарлықты орындау 6 кезенге бөлінген. Оның біріншісі – мораторий. Екінші – 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап, шағын және орта бизнеске жүргізілетін жоспарлы тексеруді алып тастау. Үшінші – ҚР Парламенті Мәжілісіне қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер енгізуге ұсыныс жасау. Бұл арада нарық талабына жау-

ап бермейтін заң нормаларына өзгерістер енгізу болып отыр. 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін өзін-өзі реттейтін ұйымдар қызметі мәселелері бойынша заң жобасын ұсынуы қажеттігін тапсырған Елбасы. Сондай-ақ төртінші кезең – 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін мемлекеттік органдар арқылы ықтималдық жүйесін анықтаудың тәсілін дайындау. Егер кәсіпкер заңның барлық талабын орындаса, тексеруші органдар оған мүлдем бас сұқпайды. Осылайша, үш дәліз қалыптасады. Жасыл, сарғыш, қызыл. Жасыл – бұл ешбір заңнаманы бұзбаған кәсіпкер үшін даңғыл жол. Бесінші – кәсіпкерлікте бір терезе жүйесін енгізу. Халыққа қызмет көрсету орталығы секілді кәсіпкерлердің қызмет көрсету орталығы арқылы кәсіпкер бір ғана құжат беретін болады.

Ол – өтініш. Мысалы, бұрын кәсіпкер қандай да бір жер алу үшін 9 құжат жинауы керек еді. Енді ол құжаттарды соған жауапты органдар өздері жинақтайды. Алтыншы – Кәсіпкерлер кодексі. Бизнеске қатысты заңнамалар,

кәсіпкерлікке қатысты нормативтер көптеп кездеседі. Ал біз кәсіпкердің құқын бір ғана заңдық құжат анықтағанын мақсат тұтамыз. Кез келген кәсіпкер осы кодекстің нормаларын ұстанып, өз кәсібін жүргізе алады.



Өрт ошағына сусыз бару қылмыс

Өрт тілсіз жау. Оның қай уақытта орын алатынын ешкім болжап білмейді. Сондықтан өртті ауыздықтап жүрген жүрген өрт сөндіру қызметі қауіпті мамандықтардың бірі болып саналады. Түні бойы көз ілмей, өз жұмысына адал атқаратын маман иелерінің жұмысын біздер лайықты бағалап жүрміз бе? Жақында Алматы қаласы өртке қарсы қызметінің мамандарымен тілесіп, олардың жұмысымен танысқанымызда, біраз жайтқа көз жеткіздік. Енді өртке қарсы қызметтің сыры мен қырына бірге сараласақ.

Бүгінде көпшілік қауым «өрт сөндірушілер өз жұмысына салғырт қарайды, оқиға орнына сусыз келеді» деген сын-пікірлерді жиі айтатыны белгілі. Біз осы сауалды Алматы қаласы өртке қарсы қызмет күштер мен құралдарды жедел басқару қызметі бастығының орынбасары Болатбек Тәкежановқа төтесінен қойдық.

– Көпшілік тарапынан осы сарындағы сын-пікірлерді біз де есіміз. Менінше, мұндай сөздер өрт сөндірушілердің жұмысын жете түсінбеген соң, туындап жататын сыңайлы. Қызыл жалын лапылдап жатқан жерге сусыз бару бұл – қылмыс. Сондықтан «өрт болған жерге сусыз барыпты» деген сөз бос әңгіме. Біздер орта деңгейлі өрт болған жерге үш машинаны қатар жібереміз. Бұл – бір бөлім. Оның екеуі су шашатын машина болса, біреуі саты орнатылған арнайы техника. Өрт сөндірушілер оқиға орнына барған сәтте бірінші машина өртті ауыздықтауға кіріседі. Ал екінші машинадағы өрт сөндірушілер жақын маңдағы гидрантты тауып, тоқтаусыз су беруді қамын жасайды. Мен сізге айтайын, өрт сөндіруге арналған үлкен 7 тонна су сиятын Камаз ішіндегі суын өрт сөндірушілер 10 минуттың ішінде таусып қояды. Осы 10 минуттың ішінде екінші топ гидрантты тауып, тоқтаусыз су беруге тырысады. Қарапайым халық өрт сөндіретін техника тоқтаусыз су береді деп ойлайды. Содан кейін барып, қаңқу сөздер желдей есетіні белгілі. Қала тұрғындары гидранттардың үстіне көліктерін қаңтарып тастайтыны жасырын емес. Мұндайда жағдайда біздер көлік иесін тапқанша біраз уақытымызды жоғалтамыз. Кейде гидранттарды 400-500 метр жерден жалғауға тура келеді.

Мұндайда біраз уақыт қажет. Қарапайым халық осындай жайтты ескермей, бірден өрт сөндірушілерге сын садағын бағыттауы орынсыз деп есептеймін, – деп білікті маман көкейге тұнған ойын жайып салды. Қызыл жалынды ауыздықтап жүрген жандардың жұмысы оңай емес. Сондықтан қаладағы өрт сөндірушілер көлік тығыны орын алатын таңертең, кешкі мезгілде төтенше оқиға болмаса екен деп тілейді. Көлік кептелісі орын алғанда жүргізушілер абажадай өрт сөндіру техникасына жол беретінін те жүрміз. Бұрындары өрт сөндірушілер дабылын қосып, оқиға орнына тез жету үшін қарсы беттегі жолмен жүріп, бағдаршамның қызыл қармай жүретін-ді. Қазір олар көшеде бұлайша еркін жүре алмайды. Оқиға орнына жедел жетуге әрекеттеніп, амалсыз жол ережесін бұзған өрт сөндірушілердің алды өз қалталарынан айыппұл төлеп үлгергенін білдік. Ал біздер болсақ, өрт сөндірушілер «оқиға орнына 1-2 сағатта ерең жетеді» деп асыра сілетіп жатамыз.

Жедел басқару орталығының мамандарымен тілескенімізде Алматыда бір тәулікте өрт бойынша 50-60 қоңырау түсетінін хабардар болдық. Олар әр түрлі деңгейдегі өрттер болып саналады. Өрт сөндірушілер өртті үш топқа бөліп, жіктейді екен. Бірінші топқа орта деңгейлі өрттер жатады. Мұндай өрттерді ауыздықтауға үш техникадан тұратын арнайы бөлімдер жұмылдырылады. Егер қызыл жалын өршіген жағдайда бөлім бастығы қосымша күштерді шақыруға құқы бар. Екінші деңгейдегі өрт интернеттер мен ірі ғимараттарда тұтанса, аудандағы өрт сөндіру қызметінің 60-70 пайызы маманы мен техникасы аттана-



ды. Ал үшінші деңгейлі өрттер халық көп жиналатын Республика сарайы, Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында тұтанса, барлық өрт сөндірушілер оқиға орнына аттанып, қызыл жалынды ауыздықтауға күш салатынын білдік. Тез тұтанатын мұнай өнімдері мен жарылыс тудыратын аммиак сақталған қоймаларда осы үшінші топқа жататынын айта кетуіміз керек. Соңғы кездері Алматыда биік ғимараттар көптеп бой көтере бастағаны белгілі. Осы мәселеге қатысты сауал қойғанымызда Б.Тәкежанов қалада сатысы 54 метр болатын өрт сөндіру машиналары бар екенін алға тартты. Мұндай машиналармен 17 қабат болатын ғимараттардағы өртті еркін сөндірді.

МАМАН ОЙЫ

Майра ХАСЕНОВА, Алматы қаласы өртке қарсы қызмет күштер мен құралдарды жедел басқару қызметінің диспетчері:

– Өрт сөндіру қызметі оңай жұмыс емес. Әрбір кезекшілікке түскен сайын қауіп-қатермен бетпе-бет келесің. Менің жұбайым осы салада жүріп, 28 жасында мерт болды. Қайтыс болған күні оның бөлімі үш бірдей өртті ауыздықтаған. Кезекшілігін өткізіп,

үйге таксимен қайтып келе жатқанда кенеттен жүргі тоқтап, қайтыс болды. Осылайша үш баламен жастайымнан жесір қалдым. Өрт сөндірушілер өздерін үлкен отбасы санайды. Жолдасыммен қызметтес әріптес болған басшылары мені шақырып, үш баланы асырап жеткізуім керек екенін айтты. Өз араларынан жұмыс тауып берді. О баста телефонда отырдым. Қазір жедел басқару орталығында жұмыс істеп жатқан жайым бар. Өрт сөндіру кезінде қызыл жалыннан гөрі, түтіннің қауіпі зор. Егер улы түтін тыныс алу жолдарымен қанға 0,6 пайыз сіңіп кетсе, адам өміріне қауіпті. Өрт сөндірушілер бастапқыда өзінің қаншалықты уланғанын білмейді. Ыс адам бойындағы қанның қоюлануына әкеп соғады. Бұдан кейін жүрек қою қанды айдай алмай, тоқтайды. Түтіннен уланған адамдар дереу токсикологиялық орталыққа барып, қанын тексертуі керек. Осы себепті өрт сөндірушілер жыл сайын медициналық тексеруден өтіп тұрады. Жүрегінде ақау пайда болған азамат дереу қызметінен шеттетіледі. Менің жолдасым да осындай жүрек талмасынан көз жұмды. Осы жайттан-ақ өрт сөндіру мамандығының адам денсаулығына қаншалықты зиян екенін байқауға болады.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Айпұл екі есеге өсті

Жол ережесін бұзу енді жүргізуші үшін кемі екі есеге қымбат! Айыппұл көлемі айтарлықтай көбейтілген Жол ережесі туралы жаңа заң алдағы сәрсенбіден бастап күшіне енеді.

Енді жылдамдықты 20 шақырымға дейін асыру, көрінген жерде кері айналу және көше қиылысында қозғалысты қиындатқан жүргізушілерге айыппұл көлемі екі есе көп. Бұл 10 айлық есептік көрсеткіш, яғни 18 мың теңгеге тең. Ал аялдауға орын таппай, екінші жолақта тоқтағандар 36 мың теңгесінен айырылады. Ащы суды ұрттап алып, тізгінге отырғандардың жүргізуші куәлігі 3 жылға алынбақ. Мас күйінде жол көлік оқиғасына түссе, тіптен 5 жыл бойы жаяу жүруіне тура келеді. Сондай-ақ, жолдың қарсы бетіне шыққандар осыған дейін айыппұл төлеп құтылса, енді 1 жылға куәлігінен айырылуы мүмкін. Полицияның талабын орындамағандар мен апат орнынан қашқандарға да осындай жаза қарастырылып отыр.

Қаржы бөлінді

Мемлекеттің Ұлттық қордан өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпорындарды қаржыландыруға бағытталған қаржысы екінші деңгейлі банктердің есепшотына келіп түскен. Мұны «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасы Қуандық Бишімбаев мәлім етті.

Алматыда «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорында өткен мәжілісте холдинг пен екінші деңгейлі банк өкілдері Ұлттық қордан орта және шағын кәсіпорындарды қаржыландыруға бөлінген 100 млрд. теңгені игеру мәселесін талқылады. «Бүгінгі таңда банктер қаржыны толық мөлшерде алып, оларды игеруге кірісті. Қазір қаржыландыруға тапсырыс түскен жобалар сараптамадан өткізіліп жатыр. Банк өкілдерінің мәліметі бойынша, кәсіпкерлерден түскен жобалардың жалпы сомасы 111 млрд. теңге. Оның ішінде 44 млрд. теңгенің қобалары азық-түлік өндірісіне қатысты. Сонымен бірге, текстиль бұйымдары, жиһаз, шыны және шыны өнімдері, химия және металлургия өнеркәсібіне жататын жобалар бар. Сараптамадан кейін банктер несие беруді бастайды. Банктер қаржыны жарты жылдың ішінде бекітілген лимитке сай

игеруі тиіс. Кәсіпкерлерге несие беру процесін қадағалау «Даму» қорына жүктелген», – деп «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ баспасөз хабар таратты.

Естеріңізге сала кетейік, 2014 жылдың 14 сәуірінде Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп, шағын және орта бизнесті қолдауға

бағытталған бірлескен іс-шаралар жоспарын бекіткен болатын. Жоспар аясында «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингіне өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпорындарды қолдауға 100 млрд теңге бөлінген. 2014 жылдың 17 сәуірінде «Бәйтерек» холдингі мен оның еншілес мекемесі «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры екінші деңгейлі 13 банкпен тиісті несиелік келісімдерге қол қойып, қаржыны игеру тәртібін бекітті.

Бұл қаржының 50 млрд. теңгесі жаңа жобаларды қаржыландыруға, оның ішінде 25 пайызы азық-түлік өнімдерін шығаратын кәсіпорындарды несиелендіруге жұмсалмақ. Тағы 50 млрд. теңге өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпорындарға бұрын берілген несиелерді қайта құрылымдауға бөлінетін болады.

